

# САЛЫҚТЫ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Қабжанов А.Т.  
гор. Караганда, РК

**Андатпа:** мақалада салықты төлеуден жалтару қылмысының ахуалды мәселелері қарастырылып алдын алу бағыттары талқыланған.

**Түйін сөздер:** салық, салық қылмыстары, салықтан жалтару, салықтық қылмыстардың алдын алу, салықтық қылмыстардың жолын кесу.

Нарықтық қатынастардың қазіргі даму жағдайы, өнеркәсіп орындарының көбеюі, халықтың әл ауқатының жақсаруы, қаржы жүйесінің нығайып дамуы, мемлекетаралық экономикалық қатынастардың ұлғаюы елімізде салық жүйесін негізді түрде дамытудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

Қазақстанның шаруашылық өмірінде қазіргі таңда жалған банкроттық, валюталық және кеден заңнамаларын бұзу банк саласындағы ақша қаражаттарын талан-таражға салу сынды құқық бұзушылық түрлерінде криминалды экономикалық қатынастар күн санап өсуде. Уақытында бір реттік сипат алған салықтан жалтару фактілері соңғы жылдары етек жайғаны байқалады.

Заң бойынша төлеуге жататын салықтарды, мысалы, жалған салық мағлұмдамасын тапсыру немесе оны мүлдем тапсырмау арқылы төлемеу. Сондықтан, салық төлеуден жалтару - заңсыз әрекет; ол әлдебір әрекеттерді салықтар төлеуге заңды негізде жатпайтындай түрде жүзеге асыруды білдіретін салықтан "қашудан" бөлек. Теорияда салық төлеуден жалтару мен салықтан "қашу" арасында түбегейлі айырмашылық болғанымен, іс жүзінде көптеген жағдайда операциялардың әрбір спецификалық жиынында қандай бухгалтерлік өткізбелер қолданылатынын айқындау үшін, салық салу жөніндегі бухгалтерлердің қымбат тұратын кәсіби кеңестері қажет болады.

Заңды түрде салық төлемеу үшін белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру. Сондықтан, салықтан "қашу" - әбден заңды әрекет әрі ол салық төлеуден жалтарудан (tax evasion) бөлек, онысы заң бойынша төлеу қажет салықтар төлеуден, мысал үшін, жалған салық мағлұмдамаларын жасау арқылы жалтару тәсілдерін іздестіруді білдіреді. Теорияда салықтан "қашудың" мәнін біршама нақты белгілеуге болғанымен де, практикада көптеген жағдайда трансакциялардың әрбір спецификалық жиынында қандай бухгалтерлік өткізбелер қолданылатынын айқындау үшін, салық салу саласындағы кәсіпқойлардың қымбат тұратын ұсыныстамалары қажет болады. [1]

Салықтық қылмыстардың қоғамға қауіптілігі жоғары, ол мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Салық жүйесіндегі қылмыстар мемлекеттің кіріс бюджетіне түсетін ақша қаражаттардың ағымын тосқауылдап, мемлекеттің бюджеттік және салықтық саясатын жүйесіздендіреді, бәсекелестіктің негізін бұзады; себебі салық төлемеген тұлғалар тауар және қызмет нарығында артықшылықтарға ие болады. Бюджет тапшылығы алдымен, әлеуметтік салаға, ғылым мен мәдениеттің дамуына, құқық қорғау органдарын қаржыландыруына әсерін тигізеді, елде әлеуметтік тапшылық және саяси тұрақсыздық қалыптасады. Сонымен қатар, салықтық қылмыстардың қауіптілігін, салықтан жалтарылған құралдардың «көлеңкелі» кәсіпкерлікке ағылуымен түсіндіруге болады, ал ол ұйымдасқан қылмыстардың экономикалық қорын қалыптастырады. [2]

Қылмыстылықтың нақты күй-күйі мен қозғалысын, өсу жағдайын оның себептері мен шарттарын анықтай отырып, тұтас не жекелеген қылмыстылықты іс-әрекеттердің алдын-алу шараларын ұйымдастыруға болады. Аталған іс-шараларды іске асыру құқық қорғау органдары мен басқа тиесілі субъектілерге жүктелінеді. Қылмыстылықпен күрес шараларының жүйесін анықтамай салықтан жалтарудың алдын алуды ұйымдастыру мүмкін емес.

Қылмыстылықтың алдын алудың қажеттігі жөніндегі идея бірнеше ғасырлар бұрын қалыптасқан. Платон қылмыскерлік жолға түсетіндердің қылмыстан жиренетіндей заңнамаларды жасауларына заң шығарушыларды шақырды. Ал Аристотель болса «қылмыстың алдын-алу – бұл санаға жат әдеттер мен қалауымен күрес десе, XVIII ғасырда Монтескье «О духе законов» трактатында: «Жақсы заң шығарушы қылмыстар үшін жазаға тартқаннан, қылмыстардың алдын алуға бар назарын салады», – деген тұжырымдамалар айтқан. Бұл ережені Ч. Беккария өз еңбегінде жан-жақты қарап, нақты тұжырымдар жасаған [3].

Қылмыстылықпен күресу қылмысы үшін қылмыскерге жазалау шарасын қолданғаннан анағұрлым тиімді болмақ. Кез-келген жақсы заң шығарушының басты мақсаты жақсылық пен жамандықты таразылай келе, бақыттың биік шыңына немесе мүмкіндігінше аз бақытсыздыққа адамдарды жетелеуге алып баратын жол сілтей алу болып табылады. Бірақ, та аталған мақсатқа жету жолындағы шаралар көбіне тиімсіз, не қойылған мақсатқа қайшы келіп жатады. Шектен тыс қаталдық, не жұмсақтық қылмыстылықпен күресудің әділ, тура жолы болмас. Мұндай шектеулер қоғамда жаңа қылмыстардың туындауына, не қылмыстылық санының өсуі, қайшылықтардың күрт шиеленісуіне алып баратыны баршамызға аян.

Қылмыстылықпен күресу оның алдын алу үшін заңнамалар нақты, анық сенімді, тиісті талаптар сақталатындай болуы тиіс.

Салықты төлеуден бас тартудың Қазақстанда кең етек алуы, ең жоғарғы, қатал салық салудың және жеке және заңды тұлғалардың салық төлеу қабілеттерінің төмендеуінен туындаған. Бұл экономикадағы өндірістің күрт құлдырауына, ұлттық ақшаның сыртқа кетуіне, инвестиция климатының төмендігіне, инфляцияның тоқтамауы кері әсерін тигізіп отырған жағымсыз процестердің салдарынан. Сонымен қатар салықтан жалтарудың объектісіне әлеуметтік-психикалық процестерді, оның ішінде салық салу жүйесіне және мемлекеттің қаржылық саясатына кері әсерін тигізетін салық төлеушілердің кереғар қатынастарын жатқызуға болады. Мемлекеттің заңда белгіленген тәртібі бойынша төленетін салықтардан жалтаруы көптеген адамдардың санасына тамыр байлаған.

Сонымен бірге, қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және саяси процестер салық жинау деңгейіне әсер тигізеді, бірақ, кез келген мемлекет экономикалық және салық жүйесіндегі тұрақтылыққа қызығушылық танытады. Салықтарды анықтау мен жинау мерзімін, сондай-ақ оны төлеудегі жауапкершілік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың күйі салық жүйесінің жағдайына тікелей әсер етеді. Жоғарылардың негізінде салықтан жалтарудың объектісін салық төлеушіге, салықтарды төлеуден толық немесе жартылай бас тарттыратын, жағымсыз әсер ететін, қоғамда тынымсыз болып жатқан қатынастағы экономикалық, құқықтық, әлеуметтік-психологиялық, саяси процестердің жиынтығымен анықтауға болады. Аталған процестерге мемлекет тікелей қатыса отырып, салық саласын реттеп, жақсарта алады.

Салық саласындағы жағдайларды жақсартудың көрсеткіші салық қылмыстарының азаю аспектісі болуы қажет. Бұл мақсатқа жету үшін терең зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, салықтан жалтаруға әсер етудің себептерін жою; салықтық қылмыстарды, олардың салдарынан келтірілетін залалдарды тоқтату, алдын алу, тұрғылықты халықтарға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, салықтық мәдениеттің деңгейін көтеру керек.

Қолдану аумағына байланысты салықтан жалтарудың алдын алу шаралары:

Қылмыстылықты ескерту жүйесіндегі (қолдану масштабына байланысты) қоғамдық дәрежесіне байланысты қылмыстылықтың алдын алу шараларын келесі топтарға бөлуге болады:

1. Қылмыстылықты ескерту шараларының жалпы түрі – мемлекеттің барлық халқына немесе қоғамның негізгі бөлігіне әсер ететін, қылмыстылықтың детерминациясы мен себебін жою шаралары.

2. Қылмыстылықты ескерту шараларының топтық түрі – халықтың жекелеген әлеуметтік топтарына, жекелеген қызмет сфераларына әсер ету шаралары.

3. Қылмыстылықтың ескерту шараларының жекелеген түрі- қылмысты жасайтын нақты тұлғаларға әсер ету шаралары [4].

Тез және «жеңіл түрдегі» салықтық реформаларды жүргізуді, экономиканың өсуін қолдауды, қолайлы инвестициялық климатты жасауды, салық төлеуді жеңілдетуді, шаруашылық субъектілерінің салық төлеу жағдайын жақсартуды жалпы мемлекеттік деңгейде қамтамасыз ету керек.

Ұйымдар, мекемелер мен кіші және орта бизнес субъектілеріне ескерту шаралары бухгалтерлік есеп пен есеп берудегі жіберген кемшіліктерді түзету, жас мамандарды дайындау мен таңдаудағы жұмыстарын жақсарту түрінде қолданылуы керек.

Нақты субъектілерге ескерту шараларын қолдануда: жекелеген салық төлеушілерді, бас бухгалтер немесе шаруашылық субъектілерінің басшылары жатады. Салықтан жалтарудың алдын алу шараларының жекелеген түрлері басқа басқа категориядағы қылмыстардың ескерту шараларымен бір. Оларға жекелеген азаматтар мен жеке тұлғаларға қатысты қолданылатын тәрбиелік шаралар жатады. Мазмұнына қарай қылмыстылықтың алдын алу экономикалық, саяси, құқықтық, әлеуметтік, ұйымдастыру-басқарушылық, мәдени-тәрбиелік және т.б. болып бөлінеді. Егер арнайы экономикалық шараларына тереңірек тоқталсақ, оларға:

а) салық салудағы жеңілдіктер;

б) халықтың салық төлеу қабілеттілігін арттыру;

в) ұлттық валютаның мемлекеттен шығуын азайту және т.б.

Бұл шаралар салық жинау деңгейін көтерудің алғы шарттары болып табылады. Сол себептен, салықтар мен алымдардың ставкаларын экономикалық тұрғысында негіздеуді айтып кету керек. Салықтық саясат мемлекеттің жүргізіп отырған ішкі саясатының бірі, сондықтан, мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы көбінесе салық саясатын тиімді жүргізуге байланысты. Саяси шаралар экономикалық және құқықтық шаралармен араласып жатады. Себебі, салықтардан жалтарумен күрес саласындағы мемлекеттің саясаты экономикалық қатынастарды құқықтық реттейтін басқару бөлігінің нормативтік актілерінде (қаулы мен шешімде) нақты көрінеді. Салық жүйесі тиісті дәрежеде құқықпен қамтамасыз етілмейінше салық жүйесін тұрақтандыру да мүмкін емес.[5]

Салық заңнамаларын бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған нормативтік актілерді дер кезінде қабылдау салық мен қаржы полициясы органдары қызметерін нақты реттеу уақыт талабы болып отыр. Салықтардан жалтарудың алдын алуды іске

асыратын органдардың арасындағы іскерлік байланыс пен түрлі нысандағы арақатынасты жаңғыртуға бағытталған шаралардың маңыздылығын атап кету қажет. Бұл жағдай салық төлеуші мен салық бақылау органдарының арасындағы тиісті қатынастардың қалыптасуына әсер етеді, салық төлеушілердің қайтадан қылмысқа баруынан сақтайды.

Салықтық мәдениеттің қалыптасуы дегеніміз – тек салық төлеушінің ғана белгілі дәрежеде деңгейінің өсуі ғана емес, сондай-ақ мемлекет пен оның уәкілетті органдарының да дамуы болып табылады. Халықаралық іс-тәжірбиеге сүйенетін болсақ, көп елдерде салық төлеуші мен салық қызметі органдарының арасындағы өзара, қарым-қатынас ескі салық салу жүйесіне негізделіп, мәселелі жағдайға айналып отыр. [6]

Бүгінгі күннің ең негізгі талабы "Көлеңкелі экономика мен сыбайластық жемқорлықпен" күрес жүргізу барысындағы қоғамдық даму заңдылықтарын орындау. Ол үшін әрқашанда бақылау жүйесіндегі тексеру, талдау әдістерін кеңінен қолдана біліп оны тек құқықтық негізде жүргізе білу қажет.

Сайып келгенде, зерттелінген мәселенің ғылыми және іс-тәжірибелік маңызы зор бастамалардың бірі екенін айта аламыз.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. – Алматы, 1996. – 356 б.
2. Каиржанов Е.И., Айкимбаев А. Проблемы борьбы с уклонением от уплаты налогов. – Алматы, 2009. – 168 с.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экономика және қаржы / Жалпы редакциясын басқарған А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2006. – 304 б.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2014. – 648
5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық; Оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 285 с.
6. Бижанов Н.Р. Салықтан жалтарғаны үшін жаза // Д.А. Қонаев атындағы университетінің Хабаршысы. 2008. № 1(18). – Б. 96-99.